

**«ForteBank» акционерлік қоғамының
(«ForteBank» АҚ)**

**ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫҢ
ШЕГІНДЕ ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ
ЕКІНШІ ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ
ПРОСПЕКТІСІ**



Шығарылым: **екінші**

Облигациялардың түрі: **қамтамасыздығы жоқ купондық облигациялар**

Шығарылу көлемі: **65 000 000 000,00 (Алпыс бес миллиард) теңге**

Облигацияның номиналы: **1 000 (бір мың) теңге**

Саны: **65 000 000 (Алпыс бес миллион) дана**

Алматы, 2015

1.	Осы облигациялар шығарылымы «ForteBank» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Банк» немесе «Эмитент») облигациялық бағдарламасының проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады	
2.	Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:	
	облигациялық бағдарлама проспектісінің мемлекеттік тіркелген күні:	№F04 Бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі, 15.07.2015ж.
	оның шеңберінде шығарылым жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның ақшалай түрдегі көлемі:	250 000 000 000 (екі жүз елу миллиард) теңге
	облигацияларшығарылымының реттік нөмірі:	2 (екінші)
	Бұрынғы облигациялар шығарылымдары туралы мәліметтер (шығарылымның уәкілетті органда тіркелген күні, шығарылымның номиналды құны бойынша көлемі және аталған облигациялық бағдарламаның шектерінде әрбір шығарылым бойынша бөлек орналастырылған облигациялардың саны):	№F04-1 Бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі, 15.07.2015ж. 50 000 000 (елу миллион) дана 49 958 859 (Қырық тоғыз миллион тоғыз жүз елу сегіз мың сегіз жүз елу тоғыз) дана
	облигациялық бағдарламаның шектерінде бұрын шығарылған облигациялар өздерінің иеленушілеріне беретін құқықтар,	Облигацияларды иеленушілердің төмендегідей құқықтары бар: <ul style="list-style-type: none"> • облигациялар шығарылымы проспектісімен көзделген тәртіпте және мерзімдерде облигацияның номиналды құнын алу; • облигациялар шығарылымы проспектісімен көзделген тәртіпте және мерзімдерде Банктен облигациялар бойынша купондық сыйақы алу; • белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген ақпарат алу; • 3-2 тармақпен белгіленген жағдайларда облигациялардың бәрін немесе бір бөлігі өтеуін төлеп алуға өтініш беру; • Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда және тәртіпте облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар. <p>Бұл шығарылымның облигациялары бойынша мерзімінен бұрын өтеуін төлеп алуды талап</p>

<p>соның ішінде, сондай құқықтары іске асыру тәртібін көрсете отырып, шектемелерді бұзу кезінде (ковенант) іске асырылған және</p>	<p>ету құқығы көзделмеген.</p> <p>Облигацияларды иеленушілердің Банктен өзге бір мүліктік эквивалентті, не болмаса өзге мүліктік құқықтар алу құқығы көзделмеген.</p> <p>Эмитенттің облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған алдыңғы (бірінші) облигациялар бойынша ковенантты бұзу жағдайлары жоқ.</p> <p>Облигациялардың бірінші шығарылым талаптарының 3-2 т. сәйкес облигациялық бағдарлама шегінде келесі шектеулер (ковенанттар) қарастырылды:</p> <ol style="list-style-type: none">1) Банк пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның арасында жасалған листинг келісімшартымен белгіленген жылдық және аралық қаржылық есеп-қисап тапсыру мерзімдерін бұзуға жол бермеу;2) аудиторлық компанияның Банкке ондай есептемелер тапсыру мерзімдерін бұзу жағдайларын қоспағанда, Банк пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның арасында жасалған листинг келісімшартымен белгіленген Банктің жылдық қаржылық есеп-қисабы бойынша аудиторлық есептемелер тапсыру мерзімдерін бұзуға жол бермеу. <p>Банк облигацияларды иеленушілердің құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында ковенанттарды бұзуға жол бермеу мақсаттарында барлық қажетті шаралар қабылдауды міндетіне алады.</p> <p>Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда, Банк бұзушылық орын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде өзінің корпоративтік веб-сайтында (http://www.fortebank.com) жариялау және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-на оның интернет ресурсында (http://www.kase.kz) жариялау үшін бұзушылықтың орын алу себептері егжей-тегжей суреттелген және</p>
--	---

		<p>облигацияларды иеленушілердің Банктің бұзушылықтарды жою үшін Банкке талаптар мәлімдеу бойынша ықтимал іс-қимылдарының тізбесі берілген жазбаша құлақтандыру тапсыру жолымен облигацияларды иеленушілердің назарына шектеулердің (ковенанттардың) бұзылғаны туралы ақпаратты жеткізеді.</p> <p>Банк осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көрсетілген ковенанттар бұзылған күннен бастап 60 (алпыс) күннің ішінде бұзушылықты туғызған себепті жою бойынша барлық мүмкі шараларды қабылдайды («Мерзімін ұзарту кезеңі»).</p> <p>Бұзушылықты көрсетілген мерзімде жоймаған жағдайда кез келген облигация иеленуші Мерзімін ұзарту кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап саналатын 10 (он) жұмыс күні ішінде Банкке облигацияларды сатып алу талабын ұсыну арқылы Банктен оған тиесілі облигацияларды сатып алуын талап етуге құқылы.</p> <p>Облигация иеленушілерден сатып алу туралы талаптарын алғаннан соң Банк облигацияларды сатып алу күнін белгілейді, ол бұндай талап етуді алған күннен 30 (отыз) жұмыс күнінен кеш болмауы тиіс, және облигацияларды сатып алу күні туралы облигация иеленушілеріне облигация иеленушілерінің өкілдеріне хабарлау арқылы, сонымен қатар Банктің корпоративтік веб-сайтында (http://www.fortebank.com), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (http://www.kase.kz) және Қаржы есебі депозитариінің (http://www.dfo.kz) интернет-ресурсында хабарлама орналастыру арқылы хабарлайды.</p> <p>Банк облигация иеленушілерінің талап етуі бойынша облигацияларды облигациялардың номиналдық бағасына сәйкес бағамен сатып алу күніне есептелген және төленбеген</p>
--	--	---

		<p>сыйақны есекерумен сатып алуға міндетті.</p> <p>Облигацияларды сатып алу бойынша талап етулерін Банкке Мерзімін ұзарту кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап саналатын 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынбаған облигация иеленушілері облигацияларды Облигациялардың айналым мерзімі аяқталған соң өтеуге құқылы. Облигациялар бір мезгілде Облигациялардың соңғы айналым күнінен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде облигация иеленушілер тізімінде көрсетілген деректемелер бойынша облигация иеленушілердің банктік шоттарына теңгемен ақша аудару арқылы соңғы купондық сыйақыны төлеу арқылы номиналды бағасы бойынша өтеледі.</p> <p>Номиналды бағасы және соңғы купондық сыйақы сомасы оларды алу құқығы бар және облигациялар айналымының соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша облигациялар иеленушілер тізіміне тіркелген тұлғаларға төленеді (Банк Басқармасы орналасқан жерде).</p> <p>Облигацияларды иеленуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын жағдайда, облигацияларды өтеу Қазақстан Республикасының аумағында банктік шотты болған кезде, облигацияларды иеленушілердің тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша облигацияларды иеленушінің банктік шотына теңгемен жүргізілетін болады. Сыйақы төлеуді жүзеге асырған кезде теңгені өзге валютаға (тек қана ЕВРО немесе АҚШ долларына) айырбастауға Банк ол үшін сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кем дегенде 3 (үш) жұмыс күні бұрын облигацияларды иеленуші – Қазақстан Республикасының бейрезидентінен тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда жол беріледі. ЕУРОДА немесе АҚШ долларында төлемақы Банк іс жүзінде төлеу күніне қарай белгілеген</p>
--	--	---

	иеленушілермен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату келісімшарттарымен көзделген құқықтар, иеленушілердің бұл құқықтарын жүзеге асыру ретін көрсете отырып:	бағам бойынша жүргізілетін болады. Теңгедегі соманы шетел валютасына айырбастау облигацияларды иеленуші – Қазақстан Республикасының бейрезидентінің есебінен жүргізілетін болады. Облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялардың алдыңғы (Бірінші) шығарылымы ұйымдастырылған нарықта орналастырылған, сәйкесінше Банк Сатып алу-сату шарттарын жасаған жоқ.
3.	Шығарылымның құрылымы:	
1)	облигациялардың түрі:	купондық, қамтамасыздығы жоқ
2)	шығарылатын облигациялардың саны:	65 000 000 (Алпыс бес миллион) дана
	облигациялар шығарылымының номиналды құны бойынша жалпы көлемі:	65 000 000 000 (Алпыс бес миллиард) теңге
3)	бір облигацияның номиналды құны:	1 000 (бір мың) теңге
4)	облигациялар бойынша сыйақылар:	
	облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі:	облигациялардың айналысының бүкіл мерзіміне орнықтырылған болып табылады және облигациялардың номиналды құнынан жылдық 10,13% (Он бүтін жүзден он үш пайызды) құрайды.
	сыйақы есептеу басталатын күн:	облигациялар бойынша сыйақы есептеу облигациялардың айналысы басталған күннен бастап жүзеге асырылады.
	сыйақы төлеу мерзімділігі мен күндері, оны төлеу тәртібі және шарттары:	Облигациялар бойынша купондық сыйақы төлеу жылына 2 (екі) мәрте, тиісінше, облигациялардың айналысы басталған күннен бастап әр 6 (алты) ай сайын, өтелу мерзіміне дейін жыл сайын жүргізіледі. Облигациялар бойынша сыйақы оны алуға құқығы бар және ол үшін сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басына қарай жағдайы бойынша (Банк Басқармасының орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) облигацияларды иеленушілердің тізілімінде тіркелген тұлғаларға төленеді. Купондық сыйақы төлеу ол үшін төлемақы жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен

		<p>кейін келетін күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күнінің ішінде, облигацияларды иеленушілердің тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша облигацияларды иеленушілердің банктік шоттарына теңгемен ақша аудару жолымен жүргізіледі.</p> <p>Облигацияларды иеленуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын жағдайда, купондық сыйақы төлеу Қазақстан Республикасының аумағында банктік шотты болған кезде, облигацияларды иеленушілердің тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша облигацияларды иеленушінің банктік шотына теңгемен жүргізілетін болады. Сыйақы төлеуді жүзеге асырған кезде теңгені өзге валютаға (тек қана ЕВРО немесе АҚШ долларына) айырбастауға Банк ол үшін сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кем дегенде 3 (үш) жұмыс күні бұрын облигацияларды иеленуші – Қазақстан Республикасының бейрезидентінен тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда жол беріледі. ЕУРОДА немесе АҚШ долларында төлемақы Банк іс жүзінде төлеу күніне қарай белгілеген бағам бойынша жүргізілетін болады. Теңгедегі сомааны шетел валютасына айырбастау облигацияларды иеленуші – Қазақстан Республикасының бейрезидентінің есебінен жүргізілетін болады.</p>
	сыйақыны есептеп шығару үшін қолданылатын уақыт кезеңі:	облигациялар бойынша купондық сыйақы төлеу 360/30 уақыттық базаның есебіне орай жүргізіледі (бір жылда 360 күн/бір айда 30 күн)
	индекстелген облигацияларды шығару кезінде есептеп шығару тәртібі:	осы шығарылымның облигациялары индекстелген болып табылмайды
	егерсыйақы мөлшерлемесі орнықтырылған болып табылмаса, оның мөлшерін айқындау тәртібі көрсетіледі:	облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі облигациялардың айналысының бүкіл кезеңіне орнықтылған болып табылады
5)	облигациялардың айналысы және өтелуі туралы мәліметтер:	
	облигациялардың айналысы	Облигациялардың айналысы басталатын күн

	басталатын күн:	облигациялардың «Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда жүйесінде алғашқы өткізілген арнаулы сауда-саттық күні болып табылады. Банк алғашқы өткізілген арнаулы сауда-саттықтың қорытындылары бойынша айқындалған облигациялардың айналысы басталатын күнтуралы ақпаратты Банктің корпоративтік веб-сайтында (http://www.fortebank.com)және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ресми интернет-ресурсінде(http://www.kase.kz) жариялайтын болады.
	онда облигациялардың айналысы жоспарланатын нарық:	облигациялардың айналысы бағалы қағаздардың ұйымдасқан және ұйымдаспаған нарықтарында көзделген
	облигациялардың айналыс мерзімі:	айналысы басталған күннен бастап 10 (он) жыл
	облигацияларды өтеу шарттары мен тәсілі	<p>Облигациялар соңғы купондық сыйақыны төлеумен бір мезгілде облигациялардың айналысының соңғы күнінен кейін келеті күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күнінің ішінде облигацияларды иеленушілердің тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша облигацияларды иеленушілердің банктік шоттарына теңгемен ақша аудару жолымен номиналды құны бойынша өтеледі.</p> <p>Номиналды құны мен соңғы купондық сыйақының сомасы оларды алуға құқығы бар және ол үшін сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басына қарай жағдайы бойынша (Банк Басқармасының орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) облигацияларды иеленушілердің тізілімінде тіркелген тұлғаларға төленеді.</p> <p>Облигацияларды иеленуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын жағдайда, облигацияларды өтеу Қазақстан Республикасының аумағында банктік шотты болған кезде, облигацияларды иеленушілердің тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша облигацияларды иеленушінің банктік шотына теңгемен жүргізілетін болады. Облигацияларды өтеу</p>

		<p>кезінде теңгені өзге валютаға (тек қана ЕВРОҒА немесе АҚШ долларына) айырбастауға Банк ол үшін облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күнінен кем дегенде 3 (үш) жұмыс күні бұрын облигацияларды иеленуші – Қазақстан Республикасының бейрезидентінен тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда жол беріледі. ЕУРОДА немесе АҚШ долларында төлемақы Банк іс жүзінде төлеу күніне қарай белгілеген бағам бойынша жүргізілетін болады. Теңгедегі соманы шетел валютасына айырбастау облигацияларды иеленуші – Қазақстан Республикасының бейрезидентінің есебінен жүргізілетін болады.</p>
	облигацияларды өтеу күні:	<p>Облигацияларды өтеу басталатын күн – облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 10 (он) жыл өткен соң облигациялардың соңғы күнінен кейін келетін күн болып табылады.</p>
	облигацияларды өтеу жүргізілетін жер:	<p>облигацияларды өтеу мына мекенжай бойынша жүзеге асырылатын болады: 050004 Алматы қаласы, Фурманов көшесі, 50</p>
6)	облигациялар бойынша қамтамасыздық:	<p>бұл шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілген болып табылмайды.</p>
7)	облигацияларды иеленушілердің өкілі туралы ақпарат:	<p>Облигацияларды иеленушілердің өкілі ретінде әрекет ететін «Private Asset Management» акционерлік қоғамы, бағалы қағаздар нарығынның кәсіпқой қатысушысы болып табыла отырып, өзінің қызметтерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген номиналды иеленуші ретінде шоттар жүргізу құқығында бағалы қағаздар нарығында брокер-дилерлік қызметпен айналысуға 2014 жылғы 18 маусымдағы № 4.2.92/217 лицензияның негізінде ұсынады. Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға бастапқыда алған лицензиясы туралы деректер: бағалы қағаздар нарығында номиналды иеленуші ретінде шоттар жүргізу құқығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға 2013 жылғы 24 шілдедегі №4.2.92./217 лицензиясын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды бақылау және қадағалау жөніндегі комитеті берген. Облигацияларды иеленушілердің өкілінің орналасқан жері:</p>

		<p>Қазақстан Республикасы, 050020, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 339/3; Тел.: +7 (727) 267 77 17, вн. 111 Факс: +7 (727) 380 41 62 Облигацияларды иеленушілердің мүдделерін білдіру туралы 02.03.2015 жылғы №1.4-10-2/223-2015 шарт және қосымша келісім. Бірінші басшысының аты-жөні – басқарма төрағасы Усеров Даулет Ералыевич</p>
8)	тіркеуші туралы мәліметтер:	<p>Облигацияларды иеленушілердің тізілімдері жүйесін жүргізуді «Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» АҚ жүзеге асырады, Место нахождения: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі, 30А/3 үй; Байланыс телефоны: +7 (727) 272-47-60; 01.01.2014 жылғы №750 шарт</p>
9)	облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер:	<p>Облигацияларды орналастыруды Банк дербес және/немесе қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ондай қызметпен айналысуға тиісті өкілеттіктері бар андеррайтерлерді тарту жолымен жүзеге асыратын болады.</p>
10)	төлем агенті туралы мәліметтер:	<p>Купондық сыйақы мен номиналды құнын төлеуді Банк дербес жүзеге асырады.</p>
11)	облигация өзінің иеленушісіне беретін құқықтар:	<p>Облигацияларды иеленушілердің төмендегідей құқықтары бар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • облигациялар шығарылымы проспектісімен көзделген тәртіпте және мерзімдерде облигацияның номиналды құнын алу; • облигациялар шығарылымы проспектісімен көзделген тәртіпте және мерзімдерде Банктен облигациялар бойынша купондық сыйақы алу; • белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген ақпарат алу; • 3-2 тармақпен белгіленген жағдайларда облигациялардың бәрін немесе бір бөлігі өтеуін төлеп алуға өтініш беру; • Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда және тәртіпте облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар. <p>Бұл шығарылымның облигациялары бойынша мерзімінен бұрын өтеуін төлеп алуды талап ету құқығы көзделмеген.</p>

		<p>Облигацияларды иеленушілердің Банктен өзге бір мүліктік эквивалентті, не болмаса өзге мүліктік құқықтар алу құқығы көзделмеген.</p>
11-1)	<p>олар орын алған соң облигациялар бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар:</p>	<p>Дефолт – Банктің облигациялары бойынша міндеттемелердің орындалмауы.</p> <p>Олар орын алған соң облигациялар бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар(бұдан әрі –дефолт оқиғалары):</p> <p>Купондық сыйақының және/немесе облигациялардың номиналды құнының облигациялар шығарылымының проспектісімен белгіленген сыйақы және/немесе номиналды құнын төлеу мерзімдері аяқталған күннен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінің ішінде төленбеуі немесе ішінара төленбеуі.</p> <p>Егер ондай төлемеу және/немесе ішінара төлеу Банктің сыйақыны және/немесе номиналды құнын төлеуді жүзеге асыруын мүмкін қылмайтын Банктің облигацияларды иеленушінің банктік шотының дерексіз, не болмаса толымсыз деректемелері алуының, не болмаса Тіркеушінің заңнамамен және онымен жасасқан келісімшартпен белгіленген мерзімдерде Банкке облигацияларды иеленушілердің тізімін тапсырмауының нәтижесі болса, Банктің облигациялар шығарылымының проспектісімен белгіленген мерзімдерде сыйақыны және/немесе облигациялардың номиналды құнын төлемеуі, не болмаса толық емес төлеу облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды.</p> <p>Банк, егер ондай орындамау еңсерілмейтін күш жайларының салдары болып табылса, осы Проспект бойынша өзінің міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Дүлей күш мән-жайлары ретінде олардың орын алуын алдын ала білу немесе бетін қайтару мүмкін болып табылмаған мән-жайлар (табиғи құбылыстар, соғыс</p>

		<p>кимылдары және т.т.) түсініледі. Дүлей күш мән-жайлары пайда болған жағдайда, Банктің өз міндеттемелерін орындау мерзімі сондай мән-жайлар немесе олардың салдары оның барысында әрекет еткен уақытқа мөлшерлес кейінге ысырылады.</p>
	<p>Банк облигациялар бойынша дефолт орын алған жағдайда қабылдайтын шаралар, облигациялар бойынша сыйақы төлеу бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиіссіз түрде орындалған кезде облигацияларды иеленушілердің құқықтарын қорғау процедуралары, соның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттары:</p>	<p>Купондық сыйақыны және/немесе облигацияның номиналды бағасын төлемеу немесе ішінара төлемеу бөлігінде дефолт оқиғасы туындаған жағдайда, Банк облигацияларды иеленушілердің пайдасына мерзімі кешіктірілген әр күн үшін ақшалай міндеттеме немесе оның тиісті бір бөлігі орындалатын күнге қарай (яғни, ол үшін төлемақы жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күнге қарай) қолданыстағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне орай есептелетін өсімпұл есептеуге және төлеуге міндетті.</p> <p>Банк облигациялар бойынша купондық сыйақы және/немесе негізгі борыш осы проспектімен белгіленген мерзімдерде Банктің айыбының себебінен төленбеген немесе толық емес төленген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде ол туралы Банктің корпоративтік веб-сайтында (http://www.fortebank.com) және «Қазақстан қор биржасы» АҚ (http://www.kase.kz) мен Қаржылық есеп-қисап депозитарийінің (http://www.dfo.kz) ресми интернет – ресурстарында хабарлама жариялау жолымен облигациялардың иеленушілеріне хабар береді, хабарламаға мыналар кіруге тиіс:</p> <ul style="list-style-type: none"> • дефолт фактісі туралы ақпарат; • дефолт орын алған күнге қарай Банктің орындалмаған міндеттемелерінің көлемі, міндеттемелердің орындалмауының себептері, сондай-ақ облигацияларды иеленушілердің өздерінің талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-қимылдарының тізімі, соның ішінде Банкке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдері; • Банк облигациялар бойынша

		<p>міндеттемелерін орындамаған, не болмаса тиісті түрде орындамаған кезде Банк қабылдаған шаралар;</p> <ul style="list-style-type: none">• облигациялар бойынша сыйақы және негізгі қарызды төлеу бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісті түрде орындалмаған кезде облигацияларды иеленушілердің құқықтарын қорғау процедуралары, соның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттары;• Банктің шешімі бойынша өзге де ақпарат. <p>Көрсетілген ақпаратты жария қылуды өзге бір заңды тұлғаға тапсыру көзделмеген.</p> <p>Банк облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған, не болмаса тиіссіз түрде орындаған жағдайда, Банктің міндеттемелері бойынша ынтымақтас немесе біріккен жауапкершілік көтеретін тұлғалар жоқ.</p> <p>Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Банктің міндеттемелерін қайта құрылымдауы Банктің міндеттемелер бойынша жекелеген несиегерлердің талаптарын Банкте ақшаның жоқ болуына немесе жеткіліксіздігіне байланысты оларды орындау күні келіп жеткен сәттен санағанда 7 (жеті) күнтізбелік күннен артық мерзімдерде орындауға қабілетсіздігіне байланысты жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл орайда, Банктің міндеттемелерін қайта құрылымдауы ретінде Банк оның қаржылық жағдайын оңалту және жұмыс сапасын жақсарту үшін Банкті қайта құрылымдау жоспарының (бұдан әрі – қайта құрылымдау жоспары) негізінде іске асыратын әкімшілік, заңи, қаржылық, ұйымдастырушылық-техникалық және басқа іс-шаралар мен процедуралар кешені түсініледі.</p> <p>Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қайта құрылымдау үшін негіз пайда болған сәттен бастап, Банк Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге құқылы, онда Банкті қайта құрылымдау туралы шешім қабылданады. Қайта құрылымдау жоспарын</p>
--	--	--

		мақұлдауға ие болу үшін, олардың үлесіне ондайлардың алдындағы міндеттемелерді қайта құрылымдау жорамалданатын несиегерлердің алдындағы Банктің міндеттемелерінің көлемінің кем дегенде үштен екі бөлігі келетін несиегерлердің келісімі талап етіледі.
12)	Банктің облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы	Банктің осы облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы көзделмеген.
	Орналастырылған облигациялардың өтеуін төлеп алу	<p>1. Банк Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзінің облигацияларының бағалы қағаздардың ұйымдасқан және ұйымдаспаған нарықтарында бүкіл айналыс мерзімінің ішінде олардың өтеуін төлеп алуға құқылы. Өтеуі төлеп алынған облигациялар өтелген деп саналмайтын болады және Банк өзінің өтеуі төлеп алынған облигацияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың бүкіл айналыс мерзімінің ішінде бағалы қағаздар нарығында қайта сатуға құқылы.</p> <p>Банктің облигацияларының өтеуін төлеп алу бағасы төмендегідей айқындалады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында мәміле жасасқан кезде – мәміле жасасатын күнге қарай «Қазақстан Қор биржасы» АҚ-нда қалыптасқан олардың нарықтық құнына орай; - бағалы қағаздардың ұйымдаспаған нарығында мәміле жасасқан кезде – мәміле тараптарының келісімі бойынша. <p>2. «Бағалы қағаздар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 18-4-ші бабына сәйкес, орналастырылған облигациялардың өтеуін төлеп алуды Банк төмендегідей жағдайларда жүргізуге тиіс:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Банктің органының облигациялардың делистингі туралы шешім қабылдауы; 2) қор биржасына оның тізбесі уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актісімен және қор биржасының ішкі құжаттарымен айқындалған ақпарат беру бөлігінде арнайы (листингілік) талаптарды орындамаудың

		<p>себебінен қор биржасының Банктің облигацияларының делистингі туралы шешім қабылдауы;</p> <p>3) Банктің облигацияларлы иеленушілердің өкілімен облигацияларды иеленушілердің бұрынғы өкілімен келісімшарт үзілген мс қолданылу доғарылған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен артық мерзімде келісімшарт жасаспауы.</p> <p>Көрсетілген жағдайлар орын алған кезде, Банк жинақталған сыйақыны ескергенде, облигациялардың тиісті номиналды құны бойынша, не болмаса қандай шаманың ең жоғары болып табылатынына қарай облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша орналастырылған облигациялардың өтеуін төлеп алуды жүзеге асыруға міндетті.</p>
12-1)	Банктің облигацияларды иеленушілерге өзінің қызметі мен қаржылық жағдайы туралы ақпарат беру тәртібі	<p>Банктің қызметі мен оның қаржылық жағдайы туралы, соның ішінде ағымдағы қызметі, облигацияларды иеленушілердің мүдделерін елеулі қозғайтын оқиғалар туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасымен және мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың листингі туралы келісімшартпен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның (http://www.kase.kz), Қаржылық есеп-қисап депозитарийнің (http://www.dfo.kz) ресми интернет – ресурстарінде және Банктің корпоративтік веб-сайтында (http://www.fortebank.com) орналастырылады.</p>
13)	Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану туралы мәліметтер	<p>Облигацияларды шығарудың негізгі мақсаты Банктің қорландыру базасын ұлғайту және әртараптандыру болып табылады.</p> <p>Облигациялар шығарылымынан алынған қаражаттар Банк пен оның филиалдарының инвестициялық жобаларды несиелендіру саласындағы қызметін жандандыруға, жалпы корпоративтік мақсаттарға және көрсетілетін қызметтердің ауқымын кеңейтуге, сондай-ақ жеке тұлғалар үшін несиелендіруді кеңейтуге бағытталатын болады.</p> <p>Олардың кезінде облигацияларды</p>

		орналастырудан алынған аақшаны жоспарланған бөлуге өзгертулер енгізілуі мүмкін оқиғалар орын алған кезде, Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте облигациялар шығарылымының проспектісіне тиісті өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізетін болады.
3-1	Облигациялар өтелген сәтке дейін сыйақылар төлеудің әр кезеңінің қимасында сыйақылар төлеу мен номиналды құнының сомасын өту үшін қажетті эмитенттің ақша қаражаттарының көздері мен ағындарының болжамы	Купондық сыйақы төлеу және номиналды құнының сомасын өтеу үшін Банк негізгі қызметінен түскен ақша қаражаттарының ағындарын болжайды (1-ші Қосымшаны қараңыз).
3-2	Эмитент қабылдайтын және заңмен көзделмеген шектеулер (ковенанттар) (егер бұл облигациялар шығарылымы кезінде эмитент органының шешімінде көзделсе). Шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кездегі эмитенттің және облигациялар ұстаушылардың әрекет ету тәртібі, оның ішінде облигацияларды мерзімнен бұрын өтеу бойынша эмитенттің іс-әрекеттері толық жазылады.	<p>1) Банк пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның арасында жасалған листинг келісімшартымен белгіленген жылдық және аралық қаржылық есеп-қисап тапсыру мерзімдерін бұзуға жол бермеу;</p> <p>2) аудиторлық компанияның Банкке ондай есептемелер тапсыру мерзімдерін бұзу жағдайларын қоспағанда, Банк пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның арасында жасалған листинг келісімшартымен белгіленген Банктің жылдық қаржылық есеп-қисабы бойынша аудиторлық есептемелер тапсыру мерзімдерін бұзуға жол бермеу.</p> <p>Банк облигацияларды иеленушілердің құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында ковенанттарды бұзуға жол бермеу мақсаттарында барлық қажетті шаралар қабылдауды міндетіне алады.</p> <p>Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда, Банк бұзушылық орын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде өзінің корпоративтік веб-сайтында (http://www.fortebank.com) жариялау және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-на оның интернет ресурсында (http://www.kase.kz) жариялау үшін бұзушылықтың орын алу себептері егжей-тегжей суреттелген туралы</p>

		<p>ақпаратты жеткізеді.</p> <p>Банк осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көрсетілген ковенанттар бұзылған күннен бастап 60 (алпыс) күннің ішінде бұзушылықты туғызған себепті жою бойынша барлық мүмкі шараларды қабылдайды («Мерзімін ұзарту кезеңі»).</p> <p>Бұзушылықты көрсетілген мерзімде жоймаған жағдайда кез келген облигация иеленуші Мерзімін ұзарту кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап саналатын 10 (он) жұмыс күні ішінде Банкке облигацияларды сатып алу талабын ұсыну арқылы Банктен оған тиесілі облигацияларды сатып алуын талап етуге құқылы.</p> <p>Облигация иеленушілерден сатып алу туралы талаптарын алғаннан соң Банк облигацияларды сатып алу күнін белгілейді, ол бұндай талап етуді алған күннен 30 (отыз) жұмыс күнінен кеш болмауы тиіс, және облигацияларды сатып алу күні туралы облигация иеленушілеріне облигация иеленушілерінің өкілдеріне хабарлау арқылы, сонымен қатар Банктің корпоративтік веб-сайтында (http://www.fortebank.com), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (http://www.kase.kz) және Қаржы есебі депозитариінің (http://www.dfo.kz) интернет-ресурсында хабарлама орналастыру арқылы хабарлайды.</p> <p>Банк облигация иеленушілерінің талап етуі бойынша облигацияларды облигациялардың номиналдық бағасына сәйкес бағамен сатып алу күніне есептелген және төленбеген сыйақны есекерумен сатып алуға міндетті.</p> <p>Облигацияларды сатып алу бойынша талап етулерін Банкке Мерзімін ұзарту кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап саналатын 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынбаған облигация иеленушілері облигацияларды Облигациялардың айналым</p>
--	--	---

		мерзімі аяқталған соң өтеуге құқылы.
4.	Опциондар туралы ақпарат:	Бұл шығарылымның облигациялары бойынша опциондар көзделмеген
5.	Айырбасталатын облигациялар:	Бұл шығарылымның облигациялары айырбасталатын болып табылмайды
6.	Облигацияларды орналастыру тәсілі:	
1)	Облигацияларды орналастыру тәртібі мен мерзімі	Облигациялар бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында облигациялардың бүкіл айналыс мерзімінің ішінде «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ішкі құжаттарына сәйкес орналастырылады. Банк инвесторлардың шектелмеген шеңберінің ішінде орналастыру мерзімдері мен шарттары туралы Банктің веб-сайтында (www.fortebank.com) және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның сайтында (www.kase.kz) жариялау арқылы ақпарат береді.
2)	акцияларға айырбасталатын облигациялар орналастырылатын кезде, айырбастау шарттары көрсетіледі	Бұл шығарылымның облигациялары айырбасталатын болып табылмайды
3)	Облигациялардың ақысын төлеу шарттары мен тәртібі	Облигациялардың ақысы ақшалай және қолма-қол ақшасыз нысанда төленеді. Облигациялар бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында орналастырылатын кезде облигациялардың ақысын төлеу шарттары мен тәртібі және есеп айырысу тәсілдері «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады

Басқарма Төрағасы



Исатаев Тимур Ризабекович

Бас бухгалтер – атқарушы директор

Салихова Никара Миратовна

Қазақстан Республикасының Қазіргі Заңнамасы
Қолданыстағы мәжіліс отырысының

ТІРКЕДІ

2015 ж. « 9 қаңтар »

Президенттің Проммероваға на

Проммероваға на

